

# Қарағанды Мемлекеттік Медицина Университеті

## Саясаттану және тарих кафедрасы

### СӨЖ

Тақырыбы: Саяси режимдер

Орындаған: Авелова А.Н 118топ

Тексерген: Темірқұлов О.Ж.

**Саяси режим** — бұл үстемдік етуші әлеуметтік жіктің қоғам тұрақтылығының мақсаттарын көздей отырып және саяси бостандықтың деңгейін, олардың қызметінің құқықтық негіздеріне билік органдарының қатынасын көрсете отырып, өзінің саяси үстемдігін жүзеге асыратын әдістермен құралдардың, тәсілдердің жиынтығы.

Саяси режим- саяси биліктің тұрақтылығын, азаматтардың басқарылуын, билік үшін тиімді қозғалыс (динамика) пен саяси қатынастардың бағыттылығын, саясаттың мақсатқа қол жеткізуін, үстемдік етуші элитаның мүдделерінің жүзеге асуын қамтамасыз етеді.

саяси режимдерді негізгі  
түрлері

```
graph TD; A[саяси режимдерді негізгі түрлері] --> B[ТОТАЛИТАРЛЫҚ]; A --> C[авторитарлық]; A --> D[демократиялық];
```

ТОТАЛИТАРЛЫҚ

авторитарлық

демократиялық

**Тоталитарлық саяси режим-**  
мемлекеттің, қоғамдық өмірдің барлық  
салаларына шексіз бақылау қоюға  
ұмтылуымен, адамның саяси билікке және  
үстемдік етуші идеологияға толық  
бағынуымен сипатталады.

"Тоталитаризм" ұғымы латынның "totalis"  
деген сөзінен шыққан, бүкіл, тұтас, толық  
дегенді білдіреді.

# Тоталитарлық саяси режимдерге ортақ

## белгілер

Қарулы күрес  
жүргізудегі  
құралдарды  
қолданудағы  
мемлекеттің  
монополиясы

жаппай  
репрессия  
және күштеу  
жүйесінің  
өмір сүруі

Биліктің бір қолға  
— автократияға  
барынша  
шоғырлануы

Барлық қоғам  
өмірінің  
идеологиялан-  
дырылуы

ақпаратқа  
деген билік  
монополиясы

Биліктің  
жоғарыда  
шоғырлануы

бір партиялық

Тотатитарлық саяси режимдер осы тәртіп үстемдік еткен елдерде экономикалық прогресті және әлеуметтік дамуды тежейді, сондай-ақ адамзатқа орны толмас қайғы- қасірет әкеледі.

**Авторитарлық** (латын тілінен *autoritas* - билік, ықпал) **режим** - бұл қоғамның мемлекеттік-саяси құрылымы, онын негізін қандай да бір топты бір адамның немесе институттың билікке деген монополиясы құрайды.



## **Авторитарлық саяси режимдердің ортақ белгілері:**

1. халықтың биліктен шеттетілуі.
2. бірыңғай міндетті идеология болмаса да, мемлекеттік идеология басымдық етеді.
3. биліктің айқын бөлінуі болмайды.
4. бағынбайтындарды көндіруге мәжбүрлеу үшін қажетті күшке сүйену.
5. саясаттың монополиялануы.
6. қоғамға толық жаппай бақылау орнатудан бас тарту.
7. басқарушы элитаның қалыптасуы жоғарыдан тағайындау арқылы жүреді.

**Демократиялық саяси режим** халықты биліктің қайнар көзі ретінде мойындаумен айқындалып, азаматтардың қоғамдық өмірге және олардың саяси құқықтары мен бостандықтарын практикалық жүзеге асыру арқылы билік құрылымдарын қалыптастыру процесіне жаппай қатысуын қамтамасыз етуі тиіс.

Демократиялық режим - бұл дамушы,  
ілгері жылжушы режим, халық өкіметі  
- яғни, халыққа барлық билікті,  
қоғамды, мемлекетті басқарудың  
шынайы мүмкіндігін олар бақылайтын  
саяси институттар арқылы беру.

## **Пайданылған әдебиеттер:**

Н.П.Орлова, И.Б. Гасско, М.М.Стамбеков.

Назар  
аударғаныңыздарға  
рахмет!